

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану жөне әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясының басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырылыш, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-
әділ; жаупапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Алтыншы тома абаитану саласында тауелсіздік түсінігі жарық көрген таңдамалы еңбектер арнаны топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектептің білім алушылар жастағыра, ғылым мен белгілім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымығы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық алеуеттің артуына, коғамдық санаңын дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын ғынаратын, зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Мырзатай Жолдасбеков

АБАЙША СҮЙІП, АБАЙША КҮЙІП ЖУРМІЗ БЕ?

Абай – атасынан кеменгер боп жаратылып, анасынан дана боп, еліне пана боп, өз заманынан ойы озық туған ғұлама; халқының мұншысы, ұлы ақыны; қазақ үшін дерті болған, сол дертінен айыға алмай кеткен, жан жарасы жазылмай кеткен, қеудесі қайғы мен қасіретке толы қазақ тарихындағы ең ірі трагедиялық тұлға; өз ұлтын өркендеген өнегелі елдің қатарында көруді көксеген ойшил.

Қазақ қоғамы, оның болмысы, келешегі туралы соншама толғанған, ұлтының табиғатын, жаратылысын дәл таныған, елі үшін қүйіп-піскен, азапқа түсіп, қасірет шеккен, қазактың кемшілігін жанға батырып бүкпесіз ашық айтқан Абайдан асқан кісі болған жоқ. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» дегенді Абай жасы жетіп қартайғандығынан айтқан жоқ. Абайды жасына жетпей қартайтқан – қазақ, оның қылышы. Заман өзгерер, қоғам өзгерер, адам өзгерер, бәрібір қазақ түбінде Абайға жүгінеді, оның өситетіне, аталау сөзіне тоқтайды.

Кемелге келмей, ақыл тоқтатпай Абайды ұғыну мүмкін емес. Абайды оқыған сайын, көкейіңе тоқыған сайын қазақтың табиғатын аша түсесін, ой түбіне тереңдей түсесін, ел-жұртыңың тағдыры, келешегі туралы ойланған, толғана түсесін. Абай мұралары жыл мезгіліне қарай, кісінің көңіл-күйіне, жасына қарай әр кезде әр түрлі әсер етеді, өзгеше ой салады. Сол кезде Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммың, оны да ойла» деген сөзі еріксіз есіңе түседі.

Шынында да, Абай – жұмбақ адам. Оның ойлары гаунардай түрленіп, әр қырынан әрқалай сөүле шашады. Көп ойларын тылсымдал кеткенге ұқсайды. Заман асқан сайын, уақыт өткен сайын тылсымның кілті табылып, Абай халқына бүгінгіден де ашыла, бүгінгіден де жақындағы түсептің болады. Қазақ дертінен айығу үшін, көкейіндегісін табу үшін Абайға жүгінуі керек. Абайға үңілген сайын бірде табынасың, бірде қамығасың, әрқалай

ахуал кешесін. Заманына, дәүіріне қарай, қоғамның ауанына қарай үнемі Абаймен сырласып отыруымыз керек. Адаспаудың бір жолы осы деп ойлаймын.

Абай өмір сүрген кезеңде, шыргаланға түсken, шырмауда қалған көшпенділер елінің мәдениеті де, санасы да күйреуде еді. Ұлы дала жандаралдың табанының астында жаншылып талып жатты, даламен бірге қазақтың рухы, поэзиясы, аңызы, ертегісі өлді, ұлттық намысы тапталды. Абай соның берімен жалғыз алысты, жалғыз арпалысты, осыншама сұмдықты өз жүргінен өткізді, туған халқын оянуға, жан тірлігіне, қалғымайтын намысқа, ардың құресіне шакырды. Ұлы далаға жаңа ой, жаңа поэзия әкелді. Тұнық бұлактың көзін ашты. Сонда да меніреу Даға Абайға үн қатпады. Келенсізге сөзі өтпеген Абай басын жарға да, тауға да соғып, сергелденгे түсті.

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік, қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі коршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз. Соны таба алмай өзім де қайранмын», – деп дал болды. Абайдың басынан кешкен азабын, көрген меңнатын, қорлығын мен бертінде, есейе келе ғана түсіндім, өз жүргімнен өткізіп, сезіндім.

...Ұлы даланы еркін мекендерген, алансыз, бейқам өмір кешкен қазақ халқының тағдыры туралы Абайдай аяусыз, жанға батырып қатты айтқан жан болған жоқ. Абайдың максимализмі туған халқының мешеу мінезін ғайбаттау емес, керісінше елін талмайтын зерделілікке, ойлылыққа шақыру.

Абай адам алдындағы парызына дақ түсірмей, ақиқатқа жан-тәнімен қызмет етіп өтті. Саналы ғұмырын, күш-куатын санаткерлікке жүмсады, бірақ заманы ақынның жан егілткен әндерін сүйсіне тыңдағанымен, тамылжыта салғанымен, мұңлы өлеңдерінің, ағалы сөздерінің ой қатпарларына терендей алмады, жанына дарыта алмады, сөйтіп, ақынның өз халқына айтқан ақыл-өсietі жаһан далада адасып қалды.

Абай – дүниеге ақын болып туған адам, өлеңді ерте жазған.

Кім екен деп келіп ем түйс қуған,
Қатын гой күлдөрімен белін буған.
Төркініңнің бергені жауыр айғыр,
Бауырынды үрайын бірге туған. –

дейтін әдепкі өлеңінің өзі түйеден түскендей.

Абай табиғатынан ақын болып туғанымен, жас кезінде өлең шығарумен еркін айналыса алмайды. Заман ағымына, халықтың ұғымына қарай Құнанбайдай кеменгер әкенің Абайдан күткені басқа еді. Билік үшін арпалысып өткен дала көкжала Абайды ел тізгінің ұстауға баулыды. Құнанбайдай әкенің ырқынан шығып, ақындық әлемге қанат қағу жас Абайға онай болған жоқ. Абайдың алдында күрделі де қым-қуыт өмір жолы тұр еді.

Абай өлеңді он екі жасынан бастап шығарған. Ақынның бала кезіндегі өлеңдерінің көпшілігі бізге жеткен жоқ. Олардың бірқатары ұмытылған, болмаса жоғалып кеткен, шығармаларының аттары ғана сакталған. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерін сактаған, оның өмір тарихын баяндайтын замандастары жазған мемуарлар да, хаттар да, жазбалар да, өкінішке орай, бізге жеткен жоқ.

Абайдың жас кезіндегі өлеңдері досы Көкбайдың атынан жарияланады. Тек 1886 жылы, қырық жастан аскан соң, «Жаз» деген атақты өлеңі шыққаннан кейін ғана, шығармаларына өз атын қосады.

Абай тек ақын ғана емес, сонымен бірге жүрек тербеген оқиғалы, ғажайып әндер де шығарған композитор.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көнілге түрлі ой салар,
Өнді сүйсөң, менишпе сүй! –

дейді Абай. Өнерге Абайша ғашық болу, әнді Абайша қастерлеу бір басқа. Абай халықтың өнердің қайнарынан мол сусындаған. Сусындаі отырып, қазақ поэзиясы мен қазақ музыкасын шырқау биікке көтерген, әнге де жана ырғақ, жана мән-мағына әкелген.

Күр айгай бақырган
Құлаққа ән бе екен? –

дейді Абай. Осы сөзі дәл бүгінгі біздің жастарға арнап айтылғандай. Қазір жастардың дәстүрлі әннен қол үзіп, батыстың мағынасыз, даңғырлақ, әулекі музыкасына бой ұрып бара жатқандығын ойлағанда, елдің келешегі, қазақ өнерінің болашағы не болады деп мұнаясын.

Абай бар болғаны 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз, 1 мақала жазған кісі екен. (Мақала деп шартты түрде айтып тұрғанымыз – «Қазақтың шығу тегі туралы»). Абай өлеңдерін оқу, оның қадір-қасиетін сезіну, асыл ойларын зердеге сақтау ынтасты да, ықыласы да бүгінде бұрынғыдан емес. Тек Абай ғана емес, жалпы кітапқа құштарлық, кітапқа құмарлық бөсендеді. Мұны күнделікті тіршілікте әр отбасынан көріп жүрміз. Теледидар, басқа ақпараттар толқыны, батыстық экспансия өз балаларымызды бауырымыздан, ұлттық әдебиеттен, ұлттық өнерден, ұлттық музықадан бөліп алғып барады. Бұл, шынында да, қорқынышты жағдай. «Қорқамын кейінгі жас балалардан» дегенде, Абай осы сүмдикты сезген бе деп ойлайсын. Сондықтан да мынау қын да күрделі заманда етек-женімізді, есімізді жисак керек. Осы үшін де бізге Абай керек. Абай өлеңдеріне жас ұрпақты үңілдірудің, Абай ойларын жеткіншектеріміздің бойына сінірудің тұра жолын іздестіруіміз керек. Абай өлеңді ермек үшін жазған жоқ, кейінгіге өнеге-білім бермек үшін жазды.

Абай өлеңдерін кезінде тобықтылар қолжазба күйінде ұзатылған қыздардың жасауына қосып қастерлеп, қасиеттеп отырады екен. Өз ауылының қыздары ұзатылғанда жасауының ішінде Абайдың өлеңдері мен поэмаларының, нақыл сөздерінің қолжазба жинақтарын ала кететін болған. Мысалы, Әсия, Үәсила, Рахила сияқты және басқа да қыздардың сондай қолжазба жинақтары осы күнге дейін сақталған. Сол арқылы Абай сөздері күллі қазақ тараған. Заманында Абайдың Көкбай сияқты ақын құрдастары да, Шәкәрім, Әріп, Әсет, Кәкітай сияқты шәкірттері де Абай өлеңдерін насиҳаттауға күш салған. Абай өлеңдерін Мұрсейтке ат, түйе беріп көшіртіп әкетушілер өте көп болыпты.

Абайды алғаш танып, терен түсінгендер, ақын сөздерінің кейінгі ұрпаққа аман-есен жетуіне арпалысып еңбек еткендер – Алаш арыстары. 1909 жылы Абай өлеңдерінің Кәкітай жинаған қолжазбасының Петерборда шығуына Әлихан Бекейханов атсалысты. Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деп мақала жазды.

Қазақтың еркін ойының басында қашанда Абай тұрды. Мәдениет министрлігі секілді үйым да алғаш Семейде құрылды. Оны үйымдастырушылардың бірі де Абай болды. Семейдегі ғылыми-көпшілік кітапхананы үйымдастырушылардың бірі де Абай еді. Абайдың баласы Тұрағұл да, інісі Шәкәрім де Алашқа қызмет етті. Тұрағұл Алашты қолдан бірнеше мақала жазды, Шәкәрім Семейде құрылған шығыс Алашорданың бас қазысы болды. Қазақ тарихындағы осы елеулі оқиғаларды да ұмытып бара жатқандаймыз.

Байқап қараған адамға Абайдың бүкіл өмірі қазакты ел болуға, өзге жүрттан кем қалмауға үндеумен өтті.

Жалғыздықтан қамығып, білімсізben алысып, елге сөзі өтпей, «Қадірлі басым, қайратты жасым, Айғаймен кетті, амал жоқ», «Болмасқа болып қара тер, қорлықпен өткен ку өмір», «Толды қайғы кеудеге, сырласа алмай, сөз аша алмай пендеге» деп қорланады, құлазды Абай. «Таппадым көмек өзіме, көп наданмен алысып, көнбеді ешкім сезіме, әдетіне қарысып» немесе «Мен – қажыған арықпын, сендерге де қанықпын», «Жарлы емеспін, зарлымын, жұрттым деуге арлымын өзге жүрттан ұялып», «Мұндай елден бойың тарт, мен қажыдым, сен қажы», «Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек», «Қайғы шығар ілімнен, ыза шығар білімнен, қайғы мен ыза шыққан соң, зар шығады тілімнен», «Ақылсыз би болмас, сәулесіз үй болмас, жүректе оты жоқ адамда ми болмас», «Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз», «Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» дегенді де Абай жаны қиналған соң айтқан.

Елге сөзі өтпеген соң: «Тұған жерді қия алмай, тентекті тыя алмай, әлі отырмыз ұялмай. Таба алмадық өнгө елді. Әзелде Тәнірім сорлы етті, арсыз елмен әуре етті, жалғыз үйде

кунірентті, тағдырға білдік көнгенді», – деп ел-жұртын қанша қақпайлағанмен, ештең шығара алмайтынына, қанша айтса да, қазаққа сөзінің өтпейтініне көзі жеткен хакім өз тағдырына көнгендей болады. Елі-жұртын қыиғашқайда кете алмай, дегеніне жете алмай, ұлы ақынның өмірі құсалықпен, жалғыздықпен өтеді. Бәрібір, сонда да халқынан күдерін үзбейді. Оны мына өлеңінен айқын аңғарамызы:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып, түзеле ме деп айтқанмын.
Қазақтың өзге жүргуттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шашпаң үқлас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.
Жұртый-ай, шалқактамай сөзге түсін,
Ойланышы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Үржанадамай тындасаң нең кетеді,
Шыгарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Абайдың осы сөзі дәл бүгінгіге арналмаған деп кім айта алады. Бұл сөз, бүгінгіні қойып, келешекке айтылған сөз.

Халқын надандық шырмауынан, бодандық бұғауынан азат етуге ниет қылған Абай адаммен де, заманмен да арпалысып бақты. Қараңғы түнді қақ жарып сөүле төкті. Шалғай ауылда, Қарауылда – Шыңғыстауда отырып-ақ бүкіл қазақтың мұндын мұндалап, жоғын жоқтады. Қазақтың жоғын жоқтай отырып, өз қазағын қатты сынады. Сынағанда жек көргендіктен емес, жаны ашығандықтан, күйінгендіктен сынады. Өз халқын сынай отырып, сүйе білді. Абай «Қалын елім, қазағым, қайран жұртый, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі – май, бірі – қан боп енді екі ұртың» деп күйзелді. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Соңан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» деп үйретті 38-ші қара сөзінде. Осының үшеуі де қазақтың басында әлі бар. Сөйтіп, ақын:

Атымды адам қойган соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын? –

деп аңдысқан елдің етекбасты әдетінен әбден шаршайды. Абай өз халқын өркендеген елдің, пәтуалы елдің қатарынан көргісі келді. Алдағыны айнаңтай болжады.

Көк тұман – алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдан келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Осы өлеңінде өзінен кейінгі сергелденге толы, намысы тапталған, ары жанышылған, қор болған казақ тірлігінің екі ғасыры дәл болжалып тұр.

Абай – анық ұлттық, халықтық ақын, ғұлама ойшыл. Сол кездегі қазақ ауылының қоғамдық қалпын айна-қатесіз таныды. Оның диагнозын дәл қойып, айырудың да амалын дәл тапты. Абайдың көптеген өлеңдерінде («Қартайдық, қайғы ойладық», «Қалың елім, қазағым, қайран жүртім», «Құлембайға», «Қөжекбайға», т.б.) надандық, даукестік, парақорлық, арамтамактық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани жүдеулігі өлтіре сыналады. Отбасына, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, әйелге жана көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұнғыш рет осы Абай шығармаларынан көрінеді. Қазақ әйслін, ананы – отбасының тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көнілмен берілген достыққа беріктігін, адап жанының тұтастығын мадақтайды.

Абай енжарлық пен жалқаулықты қатты түйреусен бірге өзіне дейінгі дидактикалық уағыз поэзиясының канондарын бұзды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең – сөздін патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» атты өлеңдері – осы айтып отырғанымыздың айқын дәлелі.

Поэзияда, музыкада, даналықта, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай – қазақ хал-

қының өткен замандағы өмірін зерттеймін деген ұрпакқа таңғажайып тұлға. Ол – өз халқының тарихындағы тауға шықкан биік шынар, тамырын тереңге жайған алып Бәйтерек. Біз сол биік Бәйтеректі саялай да білуіміз керек, бағымызға туған Абайдай ғұламаның байтақ мұрасын аялай да білуіміз керек. Құранның сезіндей болған ойларын бағалай да білуіміз керек.

Абай әлемі – шексіз. Абай заман ағымын қатты сезінді. Ілгергіні болжады. Соған ыңғайлап қазақ халқын тәрбиеледі. Сөйтіп, ұлтының ұстазына айналды. Абайдың кез келген сезі – өнеге, әр сөзі – өситет. «Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұздады», «Әкенің баласы – адамның дүшпаны, адамның баласы – бауырын», «Өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласын; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсан, Алланың сүйген күлының бірі боласын»; «Сократқа у ішкізген, Жанна д-Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көpte ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал»; «Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол»; «Бағың өскенше тілеуінді ел тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің», – дейтін Абайдың дана сөздері – мәнгі-бақи қазаққа қызмет ететін сөздер. Тек біз осыдан ғибрат ала білсеқ болғаны.

Абай Семейден ұзап шықпай-ақ, жер-дүниені алақанындағыдай көріп-біліп отырды. Оның ойлары әлемдік ұғыммен, аргы-бергі замандардағы адамзат данышпандарының пікірімен ұштасып жатады. Сондықтан да Абай туралы түгесіп, тауысып айту мүмкін емес.

Абай әлем әдебиетінің ең озық ұлғілерін өз ұлтының асыл қазынасына айналдырыды. Гетеңі де, Пушкинді де, Лермонтовты да өз тіліне аударды. Пушкиннің Татьянасына қазақ қызының жанын салды.

Амал жоқ, қайттім білдірмей,
Яптырмау, қайтіп айтамын.
Қоймады дергің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын, –

деп, Татьянаны Пушкиннің өзінен де аяулы етіп шығарды.

Абай Шығыс жұлдыздарын жоғары бағалады. Сөйтіп, өзі де Шығыс жұлдыздарының ішіндегі ең жарығына айналып, әлемге нұрын төкті.

Абайдың толғаныстары, ой-пікірлері әлем ойшылдарымен үндесіп жатады. Сонау жер түбіндегі Ясная Полянадағы Лев Толстойды Қарауылға шақыртып, Шәкәрімге хат жаздырды. Толстой қартайғанын айтып, келе алмайтынына өкініш білдіріп, жауап хат жазады. Біз бағалай түсетін Абайдың және бір құдіреті осында.

Бұл мақаланы жазғандағы мақсатымыз – ұлы Абаймен сырласа отырып, өз жүргегімізге, өз айналамызға үніле отырып, ел тағдырына, ұлт тағдырына қатысты пайымдарымызды тағы да көніл таразысына тартып, көпшілікпен ой бөліссек, ұлы ұстазымызға мұнымызды шақсақ дегендік еді.

Олең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қыстырып ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіш,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Сөз қадірін Абайша түсініп, Абайша сезіну үшін үлкен жүрек, терен ой, кемел ақыл, ыстық сезім керек еді. Өлеңді сөз патшасына теңеген Абай өзі де сөз патшасына, өлең құдіретіне айналарын сезген болуы керек.

Иә, Абай заманын біз қанша «надан» көргенімізben, сөзге тоқтатын, сөз қадірінс құлақ асатын, «айтылған сөз – атылған оқ» деп сөзді сертке балайтын заман болатын. Соның өзінде: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!» – деді Абай. Бірақ тыңдаушыға көнілі толмады. «Тыңдаушымды ұғымсыз қылып тәнірім берген-ді», – деп қиналады. Заманына асыл сөзін тыңдата алмай кеткен Абай мұрасына бүгінгі окушы да терен бойлап бара алған жоқ. Бізді осы қинайды. Қиналғаннан болар, осыдан бірер жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде «Сөзді ұғатын кез келді» (25.01.2005) деген мақала жарияладым. Бірақ қазақ соған да құлақ асқан жоқ. Жалпы тыңдасын, ұғынсын деп айтқан сөзді тыңдамауға келгенде, қазақ алдына жан салмайды. «Ылғи жарты

– қайран менің оқушым оқымауға келген шақта – бұп-бүтін, түсінбеуге келген шақта – түп-түгел!» – деп Жұмекен ақын да күніреп кеткен еді ғой.

Ендігі жерде Абай өситет қылып, аманат етіп қайта-қайта айтып кеткен ұлттығынды ұлықтау, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әдептен озбау, өткенді игеру, ата салтын бойға сініру, сөзге тоқтау, қызыға қырық үйден тыю – қазақ арасында бұлжымас заңға айналуы керек.

Ел ішінде бетімен лағып, жөнсіз сөйлеу, ғайбаттау етек алып барады. Күні кеше жүрттың абыроны, ар-ожданы, тәрбиесі-тәлімгері, мактанышы, айбары болған жазушылар өзара айтысып, бірін-бірі даттауға көшті. Мұның өзі қанға сініп барады. Ақылманы, қариясы жоқ елдей болдық. Ақылшысы жоқ ел азады, иесі жоқ жер азады, қолдамаса ер азады, бір-бірімізді қолтықтап демеп, қолдап, жарасып жүрсек жарап еді. Қаны таза халық едік, жан тазарса, ар тазарса деп тілеймін. Жасамыстарымыз алжымай, дұрыс қартая білсе деймін.

Абай сөздерін қасиетті Құран сөзіндей қадірлеп, көніл төріне орнықтырып, болашаққа нысана етіп, елдігіміздің еңсесін көтеруге пайдаланып отырмасақ болмайды. Абайды осы уақытқа дейін тындармай келген қазақ онысынан еш пайда тапқан жоқ. Абайдан қалған қазынаның қадіріне жете білуді көбірек ойлауымыз керек. Мен Абай өлеңдерін, Абай сөздерін өз тілінде оқи алмайтын жандарға жаңым ашиды, олардың қаншама қазынадан құр қалғанын ойлағанда жүргегім ауырады.

Кеше бала ен, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпты тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде одан басқа.

Адамзат – бүтін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдан алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Олмек үшін туғансың, ойлан, пырак.

Данышпан Абай осылай дейді. Мынау жалған дүниеде бес күндік тіршілік үшін, ертең артта қалатуғын сай үшін, соятуғын тай үшін айтысып-тартыспа, боктан өзгеге таласып қырқыспа, бір-бірінің қадірінді біл, «адамды сүй» деп анық айтып отырғой Абай. Амал не, Абай өсистін орындал, бір жағадан бас, бір женін қол шығарып отырған елді әлі көре алмай отырмыз. Кейде өз қандасын сыртқа теуіп, жатты көрсе жорғалап жүргендерді көргенде, көнілің су сепкендей басылып, құлазида.

Тұысқаның, достарың – бәрі екіұшты,
Сол себепті досындан дұшпан құшті.
Сүйсө жалған, сүймесе аянбаган,
Бұл не деген заманға ісім түсті, –

деп мұнаяды Абай. Сөйткен Абай тағы да:

Жүргерімнің түбіне терен бойла,
Мен бір жұмбақ адаммың, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде естім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, –

деп, кейінгіге басу айтады. Біз Абай жүргегінің тереніне қанша үнілsec те, оның жұмбақ жанының құпия сырына әлі бойлай алмай келеміз. Абайдың «алысып өткен мыңы» кім еді? Абайдың алысып өткені өз заманындағы надандар мен тоғышарлар ғана емес еді, сонымен қоса адам бойындағы мың сан кесел мен кемшілік еді.

Абай жөнінде көп жазылды, көп айтылды. Кеменгер Мұхтар Әуезовтен бастап Тәкен Өлімқұловқа дейін талай ойшылдар Абай турасында қalam тербеді, тербей береді де. Абайдың ұлы тағдыры әсіресе кеменгер жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында ғажайып суреттелген.

Абайды қазактың тануы бар да, әлемнің тануы бар. Абай өлеңдері өзге тілдерге ойдағыдай аударылған жоқ. Аударылуы да мүмкін емес сияқты көрінеді маған. Абайды әлем Мұхтар Әуезовтің романы арқылы таныды. Әлемге таныту арқылы қазакты дүниеге танытып кеткен Мұхтар Әуезовтің арағы

алдында басымызды иеміз. Қазақ даласына XIX ғасырда аспаннан түскендей әсер еткен Абайдай алып тұлғаны Тәңірі халқымыздың бағына тудырған. Абайы бар елде арман жоқ. Біз енді сол қолда бар алтынды бағалай білсек болғаны.

Абай – қазақ поэзиясындағы ғашықтық жырлардың да ең озық үлгісін жасап кеткен ақын.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде, сіре, сендей маган жар жоқ,
Саган жар менен артық табылса да.

Міне, Абай өзінің қолы жете алмай қалған ғашығына осылай ынтығады. Дүниеде өзіне Тоғжаннан артық жар табылмайтынына мойын ұсынады. Абайдай ұлы жүректің қасіреті де, ғашықтық дерті де – ұлы. Аспанда ай мен күн шағылса да, жарқ етпестей қара көңілі Абайды ой тұнғиғына тарта түседі. Өмірінің өріне шыққанда «көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» деп күніренетін ақынның жан күйзелісінің басы осы Тоғжаннан айырылған махаббат мұнында жатыр. Абай түңілуі мезеттік түңілу емес, жақсы мен жаман, арамдық пен адалдық, көленке мен күншуақ алмасып, арбасып, айқасып жататын, опасынан гөрі опасыздығы басым мынау фәни дүниенің жалғандығын терең сезінүі еді.

Сүйген жүрек үшін махаббат азабынан ауыр азап жоқ. Абай алғашкы махаббаты Тоғжанды кимайды. Бірақ айырылмасқа амалы болмайды. Сонда да:

Айттым сәлем, қаламқас,
Саган күрбан мал мен бас.
Сагынғаннан сені ойлаг,
Келер көзге ыстық жас, –

деп Абайдың ғашық жүргегі жай таппайды, сыздайды.

Абай сияқты жігіттің төресіне, азаматтыңасылына Тоғжанның да өлердей ғашық болғаны аян. Еріксіз ұзатылар алдында шарасы таусылған Тоғжан ел ағаларынан көмек сұрай отырып, Абаймен

қоштасу зарын шығарады. Ел ішінде Тоғжанның зары елуінші жылдарға дейін айтылып келген. Алайда, келе-келе ұмытыла бастайды. Бұл зар «Тоғжанның сынсыу» деп те айтылыпты. Кезінде Тоғжанның осы әнінің жүрнағын өмірден ерте кеткен әншіміз Жәнібек Кәрменов халық арасынан тауып алады. Алайда, ұмытылған сөзінің алғашқы «Кертаудың ат байладым аршасына, сәлем де Тобықтының баршасына» деген екі жолынан басқасы табылмаған. Сөйтіп, Жәнібек Тоғжанның сөзінің жалғасын қазақтың белгілі ақыны Несілбек Айтұлына кайта жаздырады. Міне, осы Несілбек жазған сөздің негізінде Тоғжанның сынсының композитор Ермұрат Үсенов оркестрге түсіреді.

Кертаудың ат байладым аршасына,
Сәлем де Тобықтының баршасына.
Екеуміз екі таудың күігі едік,
Қалмасын біз бейбақтың көз жасына, –

деп басталады әннің сөзі. Абайдың махаббат лирикасы өзінің терен жан төбіренісінен шыққан шыныайылығымен, тұнықтығымен, пәктігімен баурайды. Бүгін табысып, ертең ажырасып жатағын жастар Абай өлеңдеріне теренірек зер салса, Абай жырлаған махаббаттан үлгі алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Табиғатынан ерекше туған Абай ерте есейеді. Ел ішіндегі қым-қуыт кайшылыққа толы уақығалар жас Абайды аланғатады. Елдің ертеңі үшін ойға түсіп, ақындық азабын шегеді. Отар-шылар еркін бойлап, азып-тоза бастаған дала тіршілігі Абайдың жан-дуниесінің астан-кестенің шығарады. Асқақ рух, алаңсыз еркіндігінен айырылып, мойнына құрық түскен қазақ тағдыры өзегін өртейді. Ел басқарып жүрген атқамінерлердің тірлігіне ашынады. Ашынғандықтан ашулы өлеңдер мен әндер шығарады.

Абай әндері асқақтығымен, намысынды жанитын өткірлігімен, терендігімен, сөздерінің салмақтылығымен ерекше. «Бойы бұлған» әнінде:

Бойы бұлған,
Сөзі жылман,
Кімді көрсем мен соナン,

Бетті бастым
Қатты састьм,
Тұра қаштым жалма-жан, –

десе, «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Кайнайды қаның,
Аппиды жаның,
Мінездерін көргенде, –

деп торығады.

Абай ел болудан қалып бара жатқан, етек басты, ошақ қасы тірліктің, хас нағандықтың шырмауына түскен айналасынан түнгіледі. Түнгіледі де:

Атадан алтау,
Анадан төрткеу,
Жалғыздық көрер жерім жок.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептең,
Сөзімді үғар елім жок.
Моласындаи бақсының,
Жалғыз қалдым тап шыным! –

дейді. «Мен ішпеген у бар ма?» – дейді Абай тағы да. Абайдың ішкен уы, тартқан азабы, шеккен қасіреті, өкініші – бәрі де қазақ арасынан табылды. Оның бәрі де казактың денін жайлаған дерт, жегі құрт еді. Алды-артын тіреп түрған, байлығы асып-тасқан аға сұлтан Құнанбай шонжардың баласы Абайды осыншама қайғыға салған, ойын ойран қылған, дүниеден түнгілдірген қандай қасірет деушілдер де болған өз заманында. Абайдың қайғысы – азаматтық қайғы, ел қайғысы еді.

Абайдың бойындағы ел дертіне жанындаи жақсы көрген, текті бол туған балаларының бірінен соң бірі өлген қайғысы қосылды. Ақын жүрек мұның бәрін көтере алмады. Жан азабын кешті. Сөйтіп, қайран арыс өмірден ерте кетті.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртый,
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың,

Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май бол енді екі ұртың.

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Үқпайсың өз сөзінен басқа сөзді,
Аузымен орақ орган өңкей қыртың.

Өзімдікі дей алмай өз мальиңды,
Күндіз күлкін бұзылды, түнде үйкүң.
Көрсекізар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.

Бас-басына би болған өңкей қықым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолындан кеткен соң енді өз ырқың, –

деп толғанады Абай. Абай айтқан қазақтың қолынан кеткен «ырық» ол береке-бірлік еді. Береке-бірлігі жоқ елдің бостандығы да жоқ. Бірін-бірі сатқан атқамінерлер ел іргесін қашанда қиратып тынатыны белгілі. Тәуелсіздікті тайранда деп түсінетін таяздар да жоқ емес. Бүгінде де ел қамын ойлаудан гөрі, онай келген байлықтың буына мас болып, тәуелсіздіктің қадірін білмей, бас-басына би болғысы кеп, ел байлығын сыртқа тасып жүргендерді көргенде, көнілін су сепкендей басылады. Мұнаясын да: «Қайран бабам-ай, осының бәрін қалай болжағансың?» – деп аруағына тағы да бас иесін.

Осы күні материалдық байлықты мұрат көріп, рухани қазынадан мақұрым қалғандар саны көбейіп бара жатқан секілді көрінеді маған. Әрине, байлық керек, бірақ сол байлық рухани дүниеге, парасатқа, кіслікке қызмет етсе, халыққа пайдасын тигізсе, отбасынан бастап Отаныңа сүйеу болса кайтер еді! Шетел казиноларында, қызойнактарда шашылған ақшаларды естігенде, тәбе қүйқаң шымырлайды. Бұған тыйым ең әуелі – өзіңнің арұятың.

Кұлышқ, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазан кетер, ар бұйырmas.

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,
Секілді дәүлет емес сен қуанар.
Еңбек қылмай тапқан мал дәүлет болмас,
Қардың суы секілді тез суалар.

Абай осы сөзін дәл бүгінгілерге айтып отырғандай. Жасыра-
тыны жоқ, тәуелсіздіктен соңғы өтпелі аласапыран тұста ел
ырызығын еншілеген, байлықтың буына масайып, білгенін, ойына
келгенін істеп жүргендер де аз болған жоқ. Мұны да көргенбіз.
Олар елі де бар.

Абай қашанда тазаруга, адамдық атын жоймауга, бауырмал-
дыққа, әділеттілікке шақырады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, ол Алланы жапнан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділлітті.

Хақ жолындағы Абай осылай адамзат биігіне көтеріледі.

Абай молда-ишандарды да сынаиды: «Молдалар тұра тұрсын,
хусусан бұл заманың ишандарына бек сақ болындар. Олар –
фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешиңрсे шықпайды.
Өздері хүкім, шариғатты таза білмейді, көбі наған болады. Онан
асып өзін өзі әніл тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын
кылады. Бұл іс олардың сыйбағасы емес, бұлардың жеткізбегі
мұхал, бұлар адам аздыруышылар, хаттә дінге де заарлы дур.
Бұлардың сүйенгені – нағандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері
– тәсбығы менен шалмалары, онан басқа ешиңрсе жоқ». Осы
сөздерді біз Абайдың 38-ші қарасөзінен оқымыз.

Қасиетті ислам дінін жамылып, өз пайдасын құйттеген дін-
басылары қай заманда да болған. Дінді қор қылма, халықты таза
жолдан тайдырма дейді ұлы ұстазымыз. Абайдың осы бір терең
сөздері бүгін де күн тәртібінен түскен жоқ. Қазір де кейбір дін
айналасындағылардың қажылықты парыздан гөрі атақ-дәреже
көріп жүргендері аз емес. Тіпті қажылықты қаржы табудың көзіне

айналдырып алғандары да бар. Бүгінде неше турлі ағымдағы діндерді насиҳаттап, ел ішін ала тайдай бұлдіріп жүргендер де жетеді. Дін мен дәстүрді шатастыра бастадық. Мұсылмандықтың атамыз қазақ қабылдаған ақ жолын бұрмалап, дәстүрді жокка шығарып, ата-бабаңды, аруақты ауызға алма деушілер көбейді. Қазақ – бір Аллаға сыйына отырып, аруағын да қасиет тұтқан халық. «Иман екеу емес, біреу», – дейді 38-қарасөзінде Абай. Менің ойымша, Абай айтып отырған «Иман» – ол бүкіл адамзатқа ортақ ар-ұждан. Сондықтан да ол – біреу. Абайды хакім, адамзаттың ойшылы дейтініміз де, міне, осыдан.

Кейінгі кездері Алланы Аллах деп айтуда әдетке айналды. Абайдың асыл мұрасын қанша құттарып оқысаңыз да Аллаһ деген сөзді кездестіре алмайсыз, үнемі Алла деп жазады: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Құран рас, Алланың сөзі дүр», «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ», «Алланың, пайғамбардың жолындамыз», «Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер». Міне, Абай осылай жазады. Осы құндері Ұлы Жаратушының атын Аллаһ деушілер көбейді. Қазақ ешқашан «Иншалла», «Жасаған Аллаһ», «Жаратушы Аллаһ», «Аллаhtan тіле» деп айтқан емес. Мұны былай қойғанда қазақ бағзы заманнан бері Иисусты – Иса, Моисейді – Мұса, Саломонды – Сұлеймен, Давидты – Дәуіт атап келді емес пе? Сондықтан да ғасырлар бойы елдің санасында қалыптасқан халықтық ұғымды бұзудың жөні жоқ. Жасаған Иемнің тоқсан тоғыз атының бірі Алланың сан ғасырлар бойы қазақ санасындағы осы атын сактағанды жөн деп білемін. Мұның жақсы үлгісін Қазақстан мұсылмандарының басшысы, көрнекті ғалым Әбсаттар Дербісәлінің соңғы жылдары жазған мақалалары мен сұхбаттарынан анық көріп журміз. Қогамда Абайды жат дінге телушілер де табылып жүр. Бұл – адамның ақылына сыймайтын нәрсе. Бұған үзілді-кесілді тойтарыс беруіміз керек. Кришнайт қайда, Абай қайда. Бұл Абайға ғана емес, тұтас бір ұлтқа жағылған күйе. Біз қашанда Абай – Ислам делінетін егіз ұғымды ажыратпай, бірлікте, тұтастықта қарастыруымыз керек.

Абай – өткен мен өз заманын салыстыра отырып, артына ұлы өситет қалдырған хакім. «Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім

– ғалым», – дейді Абай. Абайдың хакімдігі оның әр сөзінен, әр өлеңінен білінеді.

Осыдан жұз жыл бұрын Абай қазақ намыстан, ар-ұяттан, береке-бірліктен айырылды деп күніреніп еді. Біз сол Абай айтқан намыс, ар-ојдан, береке-бірлікпен қоса, тілімізден, дінімізден, қайырымдылықтан, мейірімділіктен айырылып қала жаздадық. Бұгінде халық қамын ойлайтындардан қарын қамын ойлайтындар көбейді. Елдің елдігін сақтап тұратын – намыс. Намыссыз жұрт елін де, жерін де қорғай алмайды. Көрінгеннің шылауында кетеді. Міне, Абай өле-өлгенше осыны айтып кетті.

Абай қазақтың өзара қырқысқа келгенде алдына жан салмайтындығына, сырттан жау келсе, басы қосылмай бара жатқанына ызалаңады. «Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ет жүрек» деп түніледі өз ортасынан.

Қазақтың қасіретін бір кісідегі тартқан Абай «Тоғызынышы қарасөзінде» бұл ойын терендете түседі: «Осы мен өзім – қазакпyn. Қазакты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді. Ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сойлеспесsem, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ.

Мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, яки бөтен себептен бе – білмеймін. Сырттың сау болса да, ішім өліп қалыпты». Абай қанша түнілсе де, өз елін тастап, көшіп қайда барады дейсін, көшкен жоқ, жаман істерін жек көре тұрып жанындај жақсы көретін, жамандыққа қимайтын өз жұртының ішінде ғұмыр кешті. Абайдың ел үшін күйіне отырып, өз елін қаншалықты құлай сүйетіндігін, соншалықты жаны ашитындығын осы сөзінен де анық көреміз.

Ал, біз осы елді Абайша сүйіп, ел үшін Абайша күйіп жүрміз бе? Ел үшін шырылдаған боп жургендердің де көкейіндегісін

жұрт жақсы біледі. Біз елді сүюді, ел үшін күйінуді Абайдан үрленуіміз керек. Ұрпакты да Абай ұлгісіне үйретуіміз керек. Сонда біздің ынтымақ-бірлігіміз де күшейеді, берекеміз де кіреді, дәүлетіміз де молаяды.

Абай ең алдымен ел болуды, қазақтың қатардан қалмауын аңсады. Иә, Абай арманы орындалды. Тәуелсіздік алдық. Ел қатарына қосылдық. Іргелі мемлекет құрудамыз. Әлем қауымдастығына мүше болдық. Дамыған елу елдің қатарына қосыламыз деген мақсатымыз да Абай арманымен ұштасып жатыр. Бірақ, Абай айтқан келенсіз қылықтардан қазақ арылып болған жоқ. Абай айтқан «баяғы жартас, бір жартастың» кебін әлі де киіп отырған сияқтымыз. Жалқаулық, алауыздық, өсекшілдік, билікшілдік күні бүгін де бар. «Заман ақыр жастары, қосылмайды бастары», «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып», – деп Абай айтқан сүйекке біткен кесел әлі бойымызда жүр. Абай айтқандардың үстіне, бүгінде тіл азабы, ұлтсыздық азабы, миссионерлер мәселеісі қосылды. Жақсының етегіне жармасу әлі де жалғасып келеді...

Абай әлемі – тұнғиық. Біз Абайдың мұхиттай терең ойларына қаныға түсуіміз керек. Заман, қоғам жайында, адам жайында толғанғанда да біз бұрынғы даналарымыздың пікірлерімен сана-сып отыруымыз керек.

Абайдың өзі өлгеннемен, сөзі өлген жоқ. «Өлді деуге сия ма ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп кеменгердің өзі айтқандай, Абай – артына өлмейтұғын сөз, өнеге, есінет қалдырған, ұрпактан-ұрпакқа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасаса беретін кеменгер.

Сырт қараганда, Абайды білмейтін қазақ жоқ секілді. Көзімізді ашқаннан Абай есімі жадымызда, бейнесі көз алдымызда. Мектепте Абайды оқып өстік. Қала сайын Абай атында көшे бар. Абай атында қала, аудан, ғылыми институт, университет, көптеген театрлар, мектептер бар. М. Әуезовтен бастап Абай жөнінде қалам тартпаған ақын-жазушы жоқ. Абай жөнінде кино және басқа өнер шығармалары да жеткілікті. Ақын әндері күн сайын шырқалып, кітаптары қайта басылып шығып жатыр.

Иә, Абайды білетін сияқтымыз. Ал шынына келсек, Абайды білдік, таныдық, тереніне бойладық деп айта алмаймыз. Біз Абайды терен танып-блуге талпынбадық демейміз. Талпындық, талаптандық. Өкініші, бойымызға сініріп, зердемізге қондыра алмай келеміз. Абайдың мұны, Абайдың зары – халықтың, ұлттың зар-мұны. Ел болудың, ұлт болудың қағидасты, қам-қараеті екенін терен ұғына алмай келеміз.

Бірінді, қазак, бірің дос
Көрмесең істің бері бос! –

дегенді де айтқан Абай.

Абай заманындағы қазақтан қазіргі қазақ көп өзгере қойды деп айту да киын. Алауыздық, пасықтық, көре алмаушылық, топшылдық, қиянатшылдық, дүниекорлық, өзегеге жалпақтап, өзінді менсінбеу, жайдақтық, жалтақтық, билікке, мансапқа құмарлық, сатқындық, надандық әлі де ұлттымыздың бойынан арылмай келеді, ұлттымыздың айықпайтын дертіне айналғандай.

Абайдан сөз қалмаған. Қазақтың табиғаты, болмысы, қайтсе адам болатыны жөнінде айтқан ұлағатты сөздерін бойға, санаға сініру, ұлы ақынның бай мұрасынан ғибрат алу бұрынғыдан да бүгін керегірек болып тұр. Сондықтан да күн сайын Абай рухымен сырласып, кейде тіпті, ол кісімен мұңдасып, елдігіміздің, ендігіміздің жайын кеңірек ойласып отырғанымыз дұрыс болады.

«Абай – қазақ халқының рухани көсемі», – деп жазды Нұрсұлтан Назарбаев. Абай – расында халқымыздың рухани көсемі. Абай қашанда қазақ халқының рухани ұлы көшінің басында. Абай сөзі, Абай әндері мәнгі жаңғыра, жаңара бермек. Сүйегі Жидебайда жатқанымен, оның жырлары әсем Астана төрінде күн сайын айтылып, әндері күн сайын шырқала беретініне күмән жоқ. Абайды құрметтеу – өзінді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлттың қастерлеу деген сөз. Мұның бері де Абайға емес, бүгінгі өзімізге, жалпы қазаққа, келешекке керек әнгіме.

Тарихты тұлғалар жасайды. Біз Абай, Махамбет, Жамбыл секілді асылдарымызды бүкіл ұлт қазынасы, абыробы деп ұғынуымыз керек. Мәселен, қазір осындағы асылдарымыздың

мерейтойын өткізгенде, бар салмақты сол ұлылардың туған облысына салып жүрміз. Бөлу, бөліну деген осыдан басталады. Біз мұндай ұлыларымыздың тойын мемлекетіміздің мерейінің тойы деп ойлауымыз керек. Мұндай іс-шаралар ұлтымызды бөлуге емес, біріктіруге, мемлекеттік, ұлттық мұдде төнірегіне топтастыруға қызымет етуі керек. Алда Тәуелсіздіктің 20 жылдығы, Абылай ханның 300 жылдығы келе жатыр. Ел іргесін бекітіп, өткені мен болашағын таразылайтын мұндай іс-шараларға жақындағанда емес, дайындық жұмыстарын күні бұрын жасаған жөн.

«Қазактың бас ақыны Ұлы Абайдың өлген күнінен қаншама алыстасақ, рухына соншама жақындеймыз. Халқымыз үнемі бұл күнде тұра бермес, ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артар. Халық пен Абай арасы күшті маҳаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» – деген екен Алаштың ардагері Міржакып Дулатов. Қандай дәл, әдемі айтқан арысым!

Бұгінде Абай туралы тың ой, жаңа сөз айту да қын. Әңгіме Абай туралы жазуда, Абай жайында сөз айтуда ғана емес, Абайды оқып, ұғына білуде, Абай сөзіне құлак аса білуде, Абайды жан-тәнімен бойға сініре білуде. Абайды ғана емес, бағзы замандардан бері үзілмей келе жатқан даналығымызды, Төле би, Қазыбек би, Әйтке би секілді бабалар сөзін, Асанқайғы, Қазтуған, Ақтамберді, Махамбет, Мұрат, Дулат, Жамбыл, Мұқағали мұраларын жаттатып, жас ұрпақтың санасына ұғындыруды парызымыз деп есептеуіміз керек. Мұның өзі – түтеп келгенде, қазакты қазақ ұғыну, қазакты қазақ түсіну деген сөз! Қазакты сырттан келіп ешкім жарылқамайды. Қазакты жарылқаса тек қазақ қана жарылқайды.

«Ей, Түріктің бектері, халқы! Сендер алауызындар, таққа кіріптарсындар. Ағалы-інілінің дауласқандығынан, бекті-халқының жауласқандығынан, дүшпанының сөзіне алданғандығынан қағандығынан, елдігінен, төрінен, билігінен айырылдың. Жер-жерге босып сандалдың. Біресе ілтері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не пайда таптың? Бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күн болды. Түрік халқы, өкін!»

Сай-сүйегінді сырқырататын осы сөздерді Күлтегін ескерткішінен оқымыз. Басынан кешкендерін мәңгі өшпестей етіп журегінің қанымен, көзінің жасымен бабалар тасқа осылай қашап жазып кеткен. Абайдың да айтып, Алладан тілегені сол халықтың мызғымас бірлігі, жарасқан ынтымағы еді. Алла қазаққа ынтымақ, береке берсін.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмагамбетов И.Н. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап еткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сез. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сез. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сойлеген сезі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп журміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіріністер. – Астана: Құлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абрахманов С. Төлтума мен телтума (зергітеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзыым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазынды, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы агартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Фылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Фаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егemen Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталаған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбагы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазак» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмагамбетов И. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы	3
Сұлтанов К. Абай – адамзатқа ортак тұлға	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша қүйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов К. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев К. Абай Құнапбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздыков К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбабагы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктеп	296

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуга 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.